



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№41 (793) Сәрсенбі 12 қазан 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



БІРҚАТАР ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ САРАЛАНДЫ

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бірқатар әлеуметтік және өндірістік нысанды аралады.

Алдымен аймақ басшысы «Қорқыт ата» әуежайының инфрақұрылым мәселелері мен жаңадан салынатын терминалдың жобасы бойынша сала мамандарымен пікірлесіп, бұған дейін облыс әкімі демеушілерді тарта отырып, 70 млн. теңге қаражатқа әуежайдың ескі терминалын ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстарын жүргізді, нәтижесінде әуежай алаңы жаңарып, ауласы тазаланып, қалыңа келді. Меценат Болат Өтемұратовтың қоры өңірде халықаралық стандарттарға сай заманауи терминал салуға ниет білдірді. Бұған дейін де облыс әкімі Сыр еліне келген қор өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізіп, ортақ жобаны пысықтап, талқылады.

Қазіргі күні әуежай жылына 137 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал қосылғаннан кейін шамамен 220 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал, жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаяды. Құны 12 млрд. теңгені, алаңы 7500 шаршы метрді құрайтын әуежайда телескопиялық трап екікабатты болады, ал жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болу үшін эскалаторлар мен лифтер қарастырылмақ. Жылдан әрі жайлы қызмет көрсету өзін-өзі тіркеу бағандары мен жүктерді беру және өңдейтін автоматтандырылған жүйемен жабдықталады. Терминал 2024 жылы аяқталмақ.

Облыс әкімі әуежай өңірдің негізгі қақпасы және оның заманауи сипатқа ие болуы тиіс әрі халыққа қолайлы қызмет етуі қажет деді. Бұл ретте орынбасары М.Жайымбетовке, қала әкімі А.Шәменовке, жауапты басқарма және әуежай басшысына әуежайды күтіп ұстау және тазалығына ұдайы мән беруді жүктеді. Сондай-ақ, қор өкілдерімен бірге терминал құрылысына қажетті жұмысты үйлестіріп, уақытылы аяқтауды тапсырды. Мұнан бөлек, қаладағы кәсіпкерлік және әлеуметтік нысандардың қасбеттерін әрлеп, аумағын тазалау жұмыстарын міндеттеді.

Аралату барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық музыкалық драма театрының жөндеу жұмыстарын көрді. Өнер ордасы Сыр өңірінде 1960 жылдан бері жұмыс жасауда. Дегенмен, театр ғимараты ескіргендіктен жөндеуді қажет етті. Аймақ басшысының тікелей қолдауымен театрдың қасбетіне жөндеу жұмыстарын жүргізу басталды. Демеушілер есебінен ғимараттың ішкі жұмыстары да заманауи талапқа сай қайта жаңарады. Облыс әкімі киелі өнер шаңырағы қаланың басты мәдени нысаны болғандықтан, орынбасары Н.Сақтағановқа, жауапты басқарма басшысы мен мердігер компания өкіліне қысқа уақыт ішінде жөндеу жұмыстарын уақытылы әрі сапалы орындау қажет екенін еске салды. Сондай-

ақ, театр аумағын таза әрі жинақы ұстауды тапсырды. Айта кетейік, облыс орталығында 1000 орынға арналған көпфункционалды Өнер орталығы салынууда. Құны 3,7 млрд. теңге екі қабатты өнер орталығының құрылысы шамамен келер жылдың соңында ел игілігіне берілмек.

Әрі қарай облыс әкімі шыны зауытындағы өндірісті іске қосуға дайындық барысын саралады. Аймақта өңдеу өнеркәсібінің дамуы мақсатында құрылыс басталған зауыт қазан айының ішінде алғашқы өнімін шығарады деп жоспарлануда. Бұл ретте облыс әкімінің тапсырмасы негізінде осыған дейін арнайы штаб құрылды. Туындаған мәселелер шұғыл шешіліп, инвесторларға көмек көрсетілді. Нәтижесінде өндіріске қажетті газ, су, электр желілері тартылып, теміржол түйінін жеткізу құжаттары әзірленуде. Балқыту пеші қосылып, қазірдің өзінде 1450 градус температураға жетті. Алдағы уақытта шыны зауытының айналасында жаңа өнім түрлерін шығаратын 8 ілепсе кәсіпорын ашу көзделді. Мұнда шыны-талшықты, композиттік материалдар, айна, смартфондармен планшеттерге арналған ультразвукқа шыны жобалары да шығарыла бастайды.

Өндірісте жергілікті шикізат Аралдың кварц құмы қолданылады. Облыс әкімі жұмыс процесін бақылап, бірінші орынбасары Серік Қожаниязовқа және шетелдік компания өкілдеріне өндіріс орнының алғашқы өнімін шығару жұмыстары іркілессіз және уақытылы басталуы қажет екенін тапсырды.

СЫР ЕЛІНДЕ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 42 АУЫЛ КӨГІЛДЕР ОТЫНҒА ҚОСЫЛМАҚ

Қызылорда облысында газдандыру бағытында ілкімді істер атқарылуда. Бүгінде Қызылорда, Арал, Байқоңыр қалалары және 17 ауылдық елді мекен газдандыру желісіне қосылған.

2022 жылы 14 газбен жабдықтау жобаларын жүзеге асыруға 5,8 млрд. теңге бөлінген. Оның ішінде, 4,3 млрд. теңгесі республикалық, 542 млн. теңгесі облыстық бюджеттен бөлінсе, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында – 795,0 млн. теңге, «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында 257,0 млн. теңге қаралған.

Жыл басынан бергі 9 айдың қорытындысы бойынша Қазалы қаласы, Шиелі ауданының

Алғабас, Ақмая елді мекендерін газдандыру мен Тереңөзек кентіндегі газдандырылмай қалған көшелерге газ құбырын тарту жобалары аяқталып, пайдалануға берілді. Биылғы жылдың ІІ жартыжылдығында Қармақшы ауданындағы Төретам кенті мен Ақай ауылын, Арал ауданындағы Сексеуіл кентін газдандыру және Шиелі ауданындағы Тартоғай елді мекенінде АГТС орнату жобалары жүзеге асырылуда.

Ал, Қызылорда қаласына қарасты Наурыз және Махамбет елді мекендерінде 2021 жылы басталған газдандыру жобасының құрылыс жұмыстары 2023 жылға өтпелі жобалардың қатарында.

Сонымен қатар, аймақ басшысының тапсырмасымен 2022-2025 жылдар аралығында 42 ауылдық елді мекенді газ құбырына қосу жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.

Айта кету керек, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев БАҚ-на берген сұхбатында аудан орталықтары толықтай газға қосылғанын және облыстың газдандыру деңгейін биылғы жылы 68%-ға дейін жеткізу жоспарланғанын айтқан болатын.

Шынында, аймаққа қарасты ауылдық елді мекендерін газдандыру халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартумен қатар, облыс экономикасына қосымша серпін беретіні анық.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ
НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ

18 қазан 12:30

ХОРАСАН АТА КӨШЕСІНДЕГІ ДЕМАЛЫС ПАРКІ

Осы платформалар арқылы сұрақ жолдай аласыз

SMART QYZYLORDA HALYK KECESINDE TELEGRAM SOTY АРНАЙЫ ПЛАТФОРМА

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСУІ

Құқық қорғау органдары басшыларымен бірге ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ өткізеді

18 қазан 9:00-12:00

М.КӨКЕНОВ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

8 (7242) 40-11-91 (70-46; 70-51)

НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдары басшыларымен бірге Жаңақорған ауданында 18 қазан күні сағат 9.00-12.00 аралығында М.Көкенов атындағы мәдениет үйінде тұрғындармен жеке қабылдау өткізеді.

Сондай-ақ, Хорасан ата көшесіндегі демалыс паркінде сағат 12.30-да халықпен кездесу өткізеді.

Жеке қабылдауға алдын-ала жазылу «Е-gov», «Е-otinish» бірыңғай порталы, Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы «Е-Нәтиже» және аудан әкімдігіне тікелей барып, жазбаша нысанда өтініш беру арқылы жүргізіледі.

Кері байланыс орнату мақсатында өтініш берушінің аты-тегі, сұрақтың мәні, мекен-жайы, байланыс телефоны және электронды почта нақты көрсетілуі қажет. Қабылдау бойынша сұрақтарды 8(7242)40-11-91 (ішкі 7046), (ішкі 7051), (ішкі 7049) телефондары арқылы блуте болады.

ШИЕЛІ АУДАНЫНДА ӘР ГЕКТАРДАН 55 ЦЕНТНЕР ӨНІМ ЖИНАЛДЫ



Бүгінде ауданның ауыл шаруашылық дақылдарын жинау жұмысы толығымен аяқталған. Егілген 10 750 сыр маржаны толық орылып бітіп, оның 9670 гектары бастырылуда. Орта есеппен әр гектардан 55 центнер өнім жиналды.

«Байырғылар «Жұмыла

көтерген жүк жеңіл» деп бекер айтпаса керек-ті. Сол айтқандай, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара билген сала еңбеккерлерінің маңдай терінің арқасында меже орындалды. Айта кету керек, қазан айының 23-і күні сағат 08:00-де орталық стадионда ауыл шаруашылығы

Шиелі ауданында биыл 30074, 4 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылды егілді. Таратып айтқанда, күздік бидай 1649, жаздық бидай 456, тары 280, арпа 50, дән жүгері 110, соя 150, жаңа жоңышқа 3400, ескі жоңышқа 6147,8 мал жемдік жүгері 60, күнбағыс 15, картоп 1198,1, көкөніс 1769,05, бақша дақылдары 2408, мақсары 1494 гектар жерге егілсе, өңірдің басты брэндіне айналған күріш 10 750 гектар жерге себілді.

өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді. Жалпы жәрмеңкеде 78 тонна өнім болады деп жоспарлануда. Көлік саны шамамен – 24. Берекелі жәрмеңкеде сатылатын өнімдер нарық бағасынан 10-15 процентке төмен сатылатын болады, – дейі аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы М.Әшірбеков.

18 МЫҢҒА ЖУЫҚ БАЛА МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУДАН ӨТТІ

Қызылорда облыстық балалар ауруханасы жанындағы «Қамқорлық» оңалту орталығында балалар өздерінің алғашқы дербес қадамдарын жасайды. Орталық 2022 жылдың басында, балалар жылының басталуымен ашылды. Бір жарым мыңнан астам кішкентай пациенттер оңалту емін алды.

Жеті жасар Ақнұрда туа біткен жамбас дисплазиясы, церебральды сал ауруы бар. Жанар атты анасының айтуынша, қалпына келтіру емін Алматы қаласында, Талсуат кентіндегі облыстық оңалту орталығында өтті. Енді оңалту емі облыс орталығында, «Қамқорлықта» қолжетімді.

«Осы орталыққа келгенде Ақнұр әлсіз болды, жиі құлап жүрді. Қазір қызым қолдаусыз, өзі жүреді. Оңалту емін дәл қала орталығында, жаңа, заманауи ғимаратта өтіп жатқанымызға қуаныштымыз», - деді Жанар. Жамбас сүйегінің туа біткен шығуы жеті жасар Мәдинада алты

айлық кезінде анықталған. Нұрғұл есімді анасының айтуынша, қызы көп қиындықты бастан өткерді: ауыр ота, гипспен емдеу, екі жыл төсекте, Виленский шинасын тағу (бұл жамбас буынының ауытқулары бар балаларға арналған ортопедиялық құрылым). Қазір Мәдина көмексіз жүреді, екінші сыныпта оқиды және қалпына келтіру емінен уақыты өтеді.

«Қамқорлық» орталығында бассейні бар, жүзу имунитетті нығайтуға ықпал етеді. Бұрын қызым тез шаршап, нашар жүрді. Қазір денсаулық жағдайы әлдеқайда жақсы. Мүгедектікті болдырмау үшін оңалту курстарынан уақыты өту керек. Шүкір, енді басқа оңалту орталықтарында емделу үшін кезек күтудің қажеті жоқ», - дейді Нұрғұл.

60 орындық «Қамқорлық» орталығында медициналық оңалтудың инновациялық әдістері қарастырылған: гидрокнезотерапия, иппотерапия,

магнитотерапия, механотерапия, пунгит бөлмесі, тұз шахтасы және тағы басқалар.

«Орталық түрлі диагноздары бар балаларға оңалту көмегін көрсетеді: церебральды сал ауруы, гидроцефалия, буын, жүрек аурулар, сөйлеу қабілетінің бұзылуы және т.б. Бірнеше оңалту курстарынан кейін біз жақсы нәтижелерді көреміз. Балалар көбірек қозғала бастады, психологиялық денсаулық, әлеуметтік бейімделу жақсарды», - деп атап дәрігер-реабилитолог Шолпан Арғынбаева.

Жыл басынан бері Қызылорда облысында 18 мыңға жуық бала медициналық оңалту курстарынан өтті. Осы мақсаттарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 266,1 млн теңге бөлінді.

Айгүл АХАНОВА,
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы

СЫР БАЛУАНДАРЫ БАҚ СЫНАСТЫ

Облыс аумағынан 30 жасөспірім қатысқан жас балуандар додасына Абай-Дәулет», «Ер-Ару», «Шаған құрылыс заттар» мекемелері демеушілік жасады.

Күздің қоңыр салқынымен тұспа-тұс келетін қала күнін тойлау мерекесі жылдағыдан биыл өзгерек. Бір айға жоспарланған салтанатты жиындардың да соңына таяп қалған секілдіміз. Мереке ажарын келтірген «Жастар карнавалы», «Сырдың қырық қазаны» жобасы, «Кітап FEST» кітап фестивалі, «Неге маған жырламақса, Сырда туған еліміз» поэзия кеші, «Жастық шағымның күесі – Қызылорда» ретро әндер фестивалі секілді түрлі-мәдени көпшілік шаралар легі өткен аптаның соңында «Балалар жылы» аясында кіші жасөспірімдер арасында ұлттық спортымызды насихаттау, балаларды салауатты өмір салтына баулу мақсатында шаһарда тұңғыш рет ұйымдастырылған «Бала барысы» байрақты бәсекесімен жалғасты.

Сонымен, «Евразия» спорт кешенінде ине шаншыр орын болмады. Бұл дегеніміз ауқымы, көкжиегі кең қазақ күресінің соңғы уақытта аса танымалдыққа ие болуы деп ойлаймыз. Осы ретте, «Қазақстан барысы», «Әлем барысы» секілді дүбірлі додалар көптеген апайтөс алыштарды шындап, ұлттық спортымыз әлем жұртшылығының назарын аударғанын айта кеткен жөн.

Әрине, осындай ғажап күресі бар қазақтан әлем мойындаған күш атасы Қажымұқандай талай даңқты балуандардың шығуы заңдылық. 2011 жылы ұйымдастырылған алғашқы «Қазақстан барысы» турнирінде қызылордалық Ұлан Рысқұловтың топ жаруы Сыр елі жыр елі ғана емес, қасқыр жүректі балуандар туысқан қастерлі топырақ екенінің айқын дәлелі. Ұланның жеңісті жолын жалғатқан Еламан Ергалиев, Нұрым Сәлімгереев, Мақсат Исағабайовтар бүгінде үлкен аренада ел намысын абыроймен қорғап жүр. Жоғарыда айтылған сайыпқыран ерлердің лайықты ізбасарлары қатысқан «Бала барысы» турнирін ашып беріп, балуандарға сәттілік тілеген шаһар басшысы Асылбек Шаменов:

— Сіздерге қарап тұрып қазақ күресінің келешегі кемел, болашағы жарқын боларына сенемін. Алдағы уақытта «Бала барысы» турнирінің

дәстүрлі сипат алуына жүйелі жұмыстар жасалып, бұл байрақты бәсекеде айрықша күш-жігерімен танылған темір қанат жас түлектер көптеген дүбірлі додаларда Алашқа олжа салады деп ойлаймын, – деді.

Иығына қасқыр терісін ілген жас балуандар боз кілемге спорт кешенінің ішіне бір-біріне қарама-қарсы тігілген қос киіз үйден шығып, өз қарсыластарын «соқыр» жеребе арқылы анықтады. Қалалық ашық біріншіліктің баса назар аударатын бір ерекшелігі, балуандардың әрбір қимылы жоғары технологиялы VAR жүйесі арқылы бақыланып, ютуб арнасында тікелей эфир жүргізілді. Тартысты бәсекені ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, талантты акын Ақжол Түменбай жүргізіп, рухты сөздерімен балуандарға дем беріп отырды. Әр белдесуі жан алып, жан беріскен айқаспен өткен турнирдің ақтық сыны тіпті айта жүрерліктей болғанын жанкүйерлердің қызу қолдауынан сезілді. Жаңақорғандық Дінмұхамед пен қармақшылық Әлихановтың белдесуінде спорт кешенінің іші «Әлем барысы» турнирінің финалы өтіп жатқандай әсерде қалдырды.

Осылайша, Сыр спортының болашақ дүлдүлдері бүгінгі сында анық қалмады. Жарыстың нәтижесінде «Жанкылыш» лақап атымен қатысқан қармақшылық Бақытжан Архар «Көрермен көзайымы» атанса, III орын 50 мың теңге және «Қола белбеу» «Ақұдай» лақап атын иеленген Қызылорда қаласынан Исламбек Баймұлдаевқа бұйырды. Жартылай жеңіс ұлайымен алда тұрып, соңғы секундтарда қарсыласына есе жіберген «Жаңақорған барысы» Дінмұхамед Ержанов II орын 100 мың теңге мен «Күміс белбеуді» қанағат тұтса, I орын 150 мың теңге және «Алтын белбеуді» қармақшылық «Семетей» Әлихан Әлиасқаров жеңіп алып, арнайы жасалған ауыспалы «Тайтұяқты» қанжығасына байланды. Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен Ұлттық спортымызды насихаттап, жас балуандарға жігер беріп, теледидардан ғана көретін ғажап ауаны сезіндірген байрақты бәсеке жыл сайын өткізілетін дәстүрлі додаға айналмақ.



АРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 95 ЖЫЛ

Биыл Арал қаласының іргетасы қаланып, қала болып құрылғанына 95 жыл. 1927 жылдың 1 қазан күні Арал қыстағы қала статусын алып, күні бүгінге дейін өсіп-өркендеп келеді. Осы орайда, ағымдағы жылдың қазан айында 95 жылдық мерейтойдың аясында ауқымды 95 іс-шара ұйымдастыру жоспарлануда.

Мерейтой аясында Арал қаласының 95 жылдығына орайластырылған облыстық жазба ақындар мүшәйрасы, Ә.Махановтың 100 жылдығына орай «Аралым айдын шалқарым атты» республикалық ақындар айтысы, Н.Кенжеғұлұлының 135 жылдығына орай «Мырзастан шыққан шайырлар» атты облыстық термешілер байқауы және барлық кітапханаларда кітап көрмелері өткізіледі.

Облыстық ауылшаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

Мереке қарсаңында ат бәйгесін, оның ішінде тай жарысы, құнан бәйге, тоқ бәйге, аламан бәйгесін және қазақ күресінен (түйе палуан) республикалық жарыс өтеді.

Сондай-ақ, құрметті қонақтармен бірге қалаға кіре беріс аумаққа тал отырғызу шарасы ұйымдастырылады. «Арал антологиясы жинағы» әзірленіп беріледі.

Мереке күндері Қамыстыбас елді мекеніндегі дене шынықтыру сауықтыру кешенінің және Арал қаласында демеушілер есебінен салынып жатқан шағын футбол алаңының ашылуын ұйымдастырады.

Арал қаласындағы «Балықшылар аллеясы» мен «Жалаңтөс баһадүр» ескерткішінің ашылуы және Қонту елді мекеніндегі тұрғын үйлерге ауыз судың іске қосылу рәсімі өтеді.

«Балықшылар аллеясының» ашылу салтанатымен қатар, аллея аясында Арал өңірі балықшыларының VI слетін және Поволжье халқына 14 вагон балық жөнелткен қайырымды істің 100 жыл толуына мәдени іс-шара өткізу жоспарлануда.

Арал қаласындағы «Кәсіпкерлер үйінің», жеке кәсіпкерлер Б. Жандаулетовтың және А. Төрмұратованың бизнес орталықтары мен Бөген елді мекенінде жеке балабақша ашылады.

АХМЕТ БАЙТҰРЫНҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ

Ұлт
ұстазы

«Ұлт ұстазы» атанған Халқы білген қашаннан Ахмет ата ардақты, Білімнің кілтін аша алған Тағдырдың тимей жеңілі, Қуғынмен өткен өмірі. Ел болсын деп сауатты, Ұрпаққа ауған көңілі. Әрі ғалым, әрі ақын Жұртына медет табатын «Әліпби» арнап тіл ашар, Балаға болған ол жақын Оқулық жазған тағы да, Қазақтың бұл бір бағы да Қарымы мықты қайраткер Еске аламыз сағына... Оятсам деп санасың Сөз жазыпты сан асыл Алашқа «Қазақ» газетің Шығарған ең жанашыр. Жылдарды жылдар жалғады, Ұлағат ұмыт қалмады. Тәуелсіздік таңы атып, Орындалды арманы... Білімнен бар алашақ, Қол жетеді қаласақ. Біз - бақытты ұрпақпыз, Алда жарқын болашақ!

Қожабек Айбол, Б. Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейдің 5 «А» сыныбының оқушысы



ҚЫРҒЫЗСТАН МЕН РЕСЕЙ АЗАМАТТАРЫНА ШҰҒЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Көпсалалы облыстық ауруханаға Қырғызстан мен Ресей азаматтары жедел миокард инфарктісімен түсті. Қызылорда облыстық көпсалалы ауруханасының кардиологиялық орталығының дәрігерлері шетелдік пациенттерге шұғыл медициналық көмек көрсетті. МӘМС аясында қымбат тұратын оталар – тегін.

Кардиологиялық орталықтың меңгерушісі Берік Дәуітбаевтың айтуынша, науқастардың бірі Ресей Федерациясының азаматты. Шиселі ауданының тумасы, 60 жастағы ер адам ауыр жағдайда жеткізілді. Дәрігерлер жедел миокард инфарктісімен анықтады. Шұғыл түрде оған жүрекке ота жасалды.

Тағы бір науқас, Қырғызстаннан келген 50 жастағы ер адам. Жүк көлігінің жүргізушісі Қармақшыда ауырып қалды. Аудандық ауруханада оған алғашқы

көмек көрсетілді. ЭКГ барысында жүректегі өзгерістер анықталды. Шұғыл түрде облыстық ауруханаға жеткізілді. Науқасқа коронарография (жүрек артерияларының жағдайын бағалайтын рентгендік контрастты зерттеу әлісі), содан кейін стенттеу (артерияларды қалпына келтіру үшін стент орнату ота) жүргізілді. Қазір пациенттердің денсаулық жағдайы қанағаттанарлық.

«Жыл сайын жүрекке екі жүзге жуық ота жасаймыз. Сондай-ақ, екі мыңнан

астам коронарография, оның ішінде сегіз жүз стенттеу. Жүрекке ота - ең қымбат медициналық қызметтердің бірі. Мысалы, кардиовертер-дефибриляторды имплантациялау сегіз миллион теңге, стенттеу бір жарым миллион теңге тұрады. Шұғыл жағдайларда бұл оталар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында барлығына тегін жасалады», - деді Берік Дәуітбаев.

Жыл басынан бері КОА-ның кардиохирургиялық орталықта 3 124 адам ем қабылдаған. Осы мақсаттарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 2 521 164 263 теңге бөлінді.

Айгүл АХАНОВА, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы



ҚАЗАЛЫДА ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қазалы ауданында өткен ауыл спортшыларының «Алтын күз – 2022» спартакиадасында 108 ұпай жинаған аудан құрамасы жеңімпаз атанды.

Қазалылықтар футбол, қол добы, тоғызқұмалақ, баскетболдан әйелдер командасы, үстел теннисінен жеңіс тұғырынан көрініп, I орын алды.

Ал, баскетболдан ерлер командасы, шахмат II орынға, бес асық, асық ату, қол күресі, волейболдан ерлер командасы III орынға қол жеткізді.

Қазалы ауданында ауыл спортшыларының «Алтын күз – 2022» спартакиадасы аяқталды. Спорттың 18 түрін қамтитын бұл бәсекеде аймақтың барлық аудандарының құрама командалары өнер көрсетті.

Бұқаралық спортты дамыту, ауылдық жерлерде салауатты өмір салтын қалыптастырып, спорттың маңызын арттыру мақсатында өткізілген спартакиадаға 1000-нан астам ауыл спортшылары қатысты.

Жарыс қорытындысына келетін болсақ, жалпы командалық есепте 108 ұпаймен Қазалы ауданының командасы

– бірінші, 103 ұпаймен Жаңақорған ауданы – екінші, ал 101 ұпаймен Жалағаш ауданы үшінші орынға ие болды. Ал, төртінші орын Сырдария, бесінші орын Қармақшы, алтыншы орын Шиелі, жетінші орын Арал ауданы командаларына бұйырды.

Жеңімпаздар мен жүлдегер командаларды аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов пен облыстық мәдениет және спорт басқармасының бұқаралық спорт бөлімінің басшысы Ғалым Сихымов құттықтап, марапаттарын табыстады.

Қазалы ауданының командасы футбол, қол добы, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, баскетболдан әйелдер командасы жеңіс тұғырынан көрініп, I орын алды. Ал, баскетболдан ерлер командасы, шахмат II орынға, бес асық, асық ату, қол күресі, волейболдан ерлер командасы III орынға қол жеткізді.

«ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» КОМУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ IV-ТОҚСАНДАҒЫ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ӨТІНІШТЕРМЕН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шерниязов Берік Бектайұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні сағат 16.00-18.00	Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44	2-11-36
«Қармақшы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 2-11-36					

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Турекжаев Алишер Жармухамбетович	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні	15-00-ден 17-00-ге дейін

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің едеп кодексі» және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңын жүзеге асыру мақсатында, бөлім қызметкерлері тарапынан Қазақстан Республикасы Заңдарының және ҚР Президентінің жоғарыда аталған Жарлығы талаптарын бұзу жағдайлары орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №44 үйі, 1-қабатта орналасқан Жаңақорған ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімінде 21-1-26 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

ЖЕР АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ҚАЗЫНА

Сотқа арыз берушілердің көздейтін мүдделері біреу, ол – өзі дұрыс деп санайтын істің анық-қанығына жету. Алайда, оның арызды ақиқатқа сәйкес пе әлде жеке бас араздықтан туындаған мәселе ме немесе оның заңдағы орны қандай? Сот осының он шешімін айтуы тиіс. Мұндай жағдайда, әрине, сот әділ заңға және ар-ұятқа сүйенеді. Заңда көзделгендей, жер құқығы қатынастарынан туындайтын даулар сот тәртібімен қаралады.



Сот өндірісі қарауына түсетін мәселелердің біразы жер құқығы қатынастарынан туындаған даулар және олар әрдайым актуалды. Аталарымыз «жер дауы, жесір дауы» деп бұл мәселеге кең парасатпен қарап, оның халық өміріндегі алар маңызына ерекше мән берген. ҚР жер кодексінің 43 – бабында жер учаскесіне құқық беру бірнеше тәртіппен жүргізілетіні нақты көрсетілген:

откізілмеген. Сонымен қатар, ол жерлер нысаналы мақсатта пайдаланылмай, жата бергендіктен, ол жер қатынастары бөлімінің есебіне бос жерлер ретінде қайта кіреді. Кейін ондай жерлер басқа азаматтарға бөлініп беріледі. Олар берілген жерді тазалап, үй сала бастағанда, осы жерге өкімнің бұрынғы шешімі негізінде оған ие болған азамат дауласады.

Дәл осындай талап арыздардағы азаматтарға берілген жерлер уақытында және нысаналы мақсатта пайдаланбағандықтан, заң талаптарына сәйкес заңдастырылмағандықтан, мемлекеттік акт алынбағандықтан және осы құжаттар тіркеу органдарынан өтпегендіктен, ондай шағымдар сот шешімімен қанағаттандырылмайды. Ал кейде қанағаттанбағандықтан, ондай шағымдар сот шешімімен қанағаттандырылмайды. Ал кейде қанағаттанбағандықтан, ондай шағымдар сот шешімімен қанағаттандырылмайды.

Егер азаматқа жер телімі өкімнің шешімі негізінде бөлінсе, оған жер туралы акті беріліп, ол жылжымайтын мүліктерді тіркеу органдарынан өткен болса, онда мұндай азаматтың жері тек сот шешімінің негізінде ғана алынуы мүмкін.

Жер телімін үш адамға бірдей бөріп талас туындауға атқарушы органдардың мүмкіндігі бар. Себебі жер мәселесімен шұғылданып жер қатынастары бөлімі, архитектор, жерді тіркеу органдары мен олардың қызметкерлері аудан, қала, ауыл бойынша барлық жерлерді бақылауды ұстауды мінсіз атқаруы тиіс.

Заңсыз қабылданған өкім шешімдері сот қаулыларымен бұзылып, азаматтардың заңды талаптары қанағаттандырылып, олардың құқықтары қалпына келтірілуі қажет және бұл маңызды мәселе болып табылады.

Мұндай жағдайларды болдырмау үшін азаматтар өздерінің құқықтарын жақсы білуге тиіс, сонда ғана олар жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы шенеуніктерден заң талаптарының дұрыс орындалуын талап ете алады. Қазақстан Республикасында жерге мемлекеттік меншікке және жеке меншікке құқықтық қатынастар қатар жүреді және олар бірдей қорғалады.

Меншік иесінің өзіне тиесілі жер телімін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар. Жердің меншік иесі ретінде мемлекет өзінің құқықтарын осы Қолдисте және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген құқыретіне сәйкес мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Жер телімінің меншік иесі осы аталған заң актілерінде көзделген негіздер және шарттар арқылы өзінің құқықтарын пайдалана алады.

Жер телімін алып, пайдаланам

Сырдария ауданы әкімінің «Азаматтарға саяжай үшін жерге меншіктік иелік жасауға және оны мұраға қалдыруға ерік беретін акт беру туралы» 1993 жылы 15 қыркүйектегі шешімі негізінде «Өркендеу» бау-бақша серіктестігі мүшелерінің тізіміне сәйкес, көлемі 800 шаршы метр жер учаскесінің өз атына табысталғанын көрсеткен. Осы шешім негізінде 1995 жылы 15 мамырда жерді өмір бойы мұраға қалдырып, иеленуге құқық беретін акт берілген.

Сол кезеңдегі Сырдария ауданы тарап кеткен. Алайда, оның жерге қатысты құжаттары 2009 жылы мемлекеттік тіркеуден өткен. Ал, бұрынғы Сырдария ауданын қарасты Тасбөгет бүгінде Қызылорда қаласына қарасты кент болып өзгерді. Түсінбеушілік осы тұстан туындайды. Тасбөгет кенті өкімінің 2015 жылғы 6 мамырдағы шешімімен Әбілғазиевке берілген 800 шаршы метр жер учаскесі азамат Шәкімановтың атына рәсімделіп, жеке меншік құқығы табысталған. Сондықтан талап қоюшы сотқа жүгінін.

Бұл іс бойынша жауапкерлері азамат Шәкіманов және Тасбөгет кенті өкімдігі, «Қызылорда жер қатынастары бөлімі» ҚММ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚК Қызылорда облысы бойынша филиалы болып табылды.

Жауапкер Шәкіманов талап арызбен келіспейтінін, жер учаскесі құжаттарын заңды деп есептейтінін айтты. Ал, заңды тұрғыға жататын жауапкерлер талап арызды шешуді сот құзырына қалдырды.

Қызылорда қалалық соты осы істің ақ-қарасын анықтап, қуәгерлерді, нақты уәждерді тыңдап, құқықтық тұрғыдан негізден, қабаттасқан жер учаскесіне байланысты дауды талап қоюшының пайдасына шешті.

Сотта талап қоюшы Әбілғазиевтің атына берілген аудан өкімі шешімінің және жерді өмір бойы мұраға қалдырып иеленуге құқық беретін актінің мемлекеттік тіркеуден 2009 жылы, ал, жауапкер Шәкімановтың атындағы құжаттардың дәл осындай тіркеуден 2017 жылы өткендігін басты назарға алды.

Азаматтық кодекстің 118-бабының талабына сәйкес, жылжымайтын мүлікке меншік құқығы мемлекеттік тіркеуден өткен кезде ғана туындайды. Демек, талап қоюшының дауды жер теліміне бірінші болып меншік құқығы туындаған.

Осындай жағдайлар мен заңнан бұратартай, ақиқатқа, анық дәлелдерге сүйенген сот шешіміне қайта дау айтқан ешкім болған жоқ.

«Біз ауада құстарға ұқсап ұшуды үйрендік, суда балықтарға ұқсап жүзді үйрендік, енді жерде адам сияқты өмір сүруді үйренсек екен» депті ағылшын жазушысы Бернард Шоу. Айтайын дегеніміз адамдық қалыптан аттамай, әр нәрсені ақылға салып, өзара шешсе, не елдің ақсақалдарына жүгініп, қазақтың өзге тектау салтымен ақиқатқа жетсе, ол – біздің бірлігімізді бекітіп, берекемізді арттыра түсері хақ.

Тағы бір істің мысалын келтірейік. Қызылорда қалалық сотының өндірісіне азаматша Смановадан талап арыз келіп түсті. Ол өзінің атына заңды рәсімделген жер теліміне заңсыз жүргізілген қоршау жұмыстарын екінің тараптың есебінен мәжбүрлеп бұздыруды міндеттеу жайын арыздалған.

Екінші тарап, яғни, жауапкер азаматша Оспан талап қоюшының талабымен келіспейтінін білдіреді. Арада туындаған дау сотта қаралып, заң шеңберінде тиісті шешім қабылданып, талап қоюшының талабы қанағаттандырылды.

Қорытындылай келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түіні «Атаңның құлы айтса да, әділдікке басыңды!» деген екен дана қазақ.

С.ЖАППАСБАЕВ,
Қызылорда қалалық
сотының судьясы

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар айырбастауға және тұтынуға байланысты туындайтын, материалдық және басқа да құндылықтарды, қоғамдық қатынасқа зардабын тигізетін, қоғамға қауіпті іс-әрекет. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 8-тарауында экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жаза көзделген және жауапкершілікті қарастыратын нормалар қоғамдық қатынасты қорғауға, ел экономикасының еркін де бір қалыпты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР

Қылмыстық құқық бойынша мүліктегі және өндірістік қатынастар, азаматтардың, заңды тұлғалардың жергілікті және мемлекеттік құрылымдардың экономикалық құқықтары ортақ қол сұғу объектісі болып табылатын қылмыс түрлерінің бірі.



Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар - кәсіпкерлік саладағы және экономикалық қызметтің басқа да саласындағы қылмыстар, ақша-несие, қаржылық пирамида, қасақана және жалған банкроттық, жерге қатысты заңсыз келісімдері тіркеу, халыққа қызмет көрсету және экономикалық қызмет саласындағы басқа да қылмыстар деп қарастыруға болады.

(инвестициялық) пирамидаға немесе оның құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету - мүлкі төркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жалпы, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны мақсатсыз пайдалану, монополистік қызмет, тауар белгісін заңсыз пайдалану, коммерциялық емес бәніктік, деңгейлес мониторинг барысында алынған салықтық, микрокредит беру, коллекторлық қызмет құпияларын құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ мүлікті жария етуден байланысты ақпаратты заңсыз алу, жария ету немесе пайдалану, эмиссияның эмиссиялық бағалы қағаздар шығару тәртібін бұзуы, бағалы қағаздар эмиссия тәуірлігіне аламының ақпарат бермеуі не көрінуі жалған мәліметтер беруі, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіміне көрінуі жалған мәліметтер енгізу, бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының көрінуі жалған мәліметтер беруі және операциялар жүргізу қағидаларын бұзу, инсайдерлік ақпаратқа қатысты заңсыз әрекеттер, жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу, акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен танбалаудың тәртібі мен қағидаларын бұзу, акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын қолдан жасау және пайдалану, экономикалық контрабанда, ұлттық валютаның және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау, келендік баждарды, келендік айымдарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақшадан төлеуден жалтру, оңалту және банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер және т.б. жатады.

Сондай-ақ, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, бірнеше рет, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, әрі мөлшерде ақшаны немесе өзге мүлікті тарта отырып жасалған, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса - мүлкі төркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыры отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Экономика аясындағы қылмыстардың объективтік жағы қасақана заңға қайшы белсенді әрекеттермен, субъективтік жағы қасақана сипатта жасалады. Экономика аясында қылмыстардың субъектісі мемлекеттік кәсіп орындарда, мекемелерде және ұйымдарда экономикалық, шаруашылық міндеттерді атқаратын, жеке кәсіпорындарда істейтін 16 жасқа толған азаматтар болып табылады. Олардың қылмыстарының себебі - материалдық мүдделілік және қоғамға, азаматтардың мүдделеріне зиян келтіру есебінен пайда тауып, жасайды.

Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген қылмыстық топ жасаған, аса ірі мөлшерде ақшаны немесе өзге мүлікті тарта отырып жасалған, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса - мүлкі төркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыры отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Экономика аясындағы қылмыстардың объективтік жағы қасақана заңға қайшы белсенді әрекеттермен, субъективтік жағы қасақана сипатта жасалады. Экономика аясында қылмыстардың субъектісі мемлекеттік кәсіп орындарда, мекемелерде және ұйымдарда экономикалық, шаруашылық міндеттерді атқаратын, жеке кәсіпорындарда істейтін 16 жасқа толған азаматтар болып табылады. Олардың қылмыстарының себебі - материалдық мүдделілік және қоғамға, азаматтардың мүдделеріне зиян келтіру есебінен пайда тауып, жасайды.

Мәселен, Қызылорда қаласының №2 сотында Қазақстан Республикасы ҚК-нің 217-бабы 3-бөлігі 2) тармағымен сотталушы А.-ға қатысты қылмыстық іс қаралған.

Экономика аясындағы қылмыстардың объективтік жағы қасақана заңға қайшы белсенді әрекеттермен, субъективтік жағы қасақана сипатта жасалады. Экономика аясында қылмыстардың субъектісі мемлекеттік кәсіп орындарда, мекемелерде және ұйымдарда экономикалық, шаруашылық міндеттерді атқаратын, жеке кәсіпорындарда істейтін 16 жасқа толған азаматтар болып табылады. Олардың қылмыстарының себебі - материалдық мүдделілік және қоғамға, азаматтардың мүдделеріне зиян келтіру есебінен пайда тауып, жасайды.

Ол «WhatsApp» жүйесі арқылы топ құрып, топтың құрамында болған мүшелерін салынған ақшадан 1-этап бойынша 7 күндік салым бойынша қатысушылардан 10000 теңгеден 300000 теңгеге дейін қабылдап, 7 күнде салымшылар өз салымдарының үстінен 40% үстеме ақысымен қайтарып ала алатындарын, 2-этап бойынша 1 айлық салым бойынша қатысушылардан 300000 теңгеден жоғары ақша қаражаттарын қабылдап, 1 (бір) айда салымшылар өз салымдарының үстінен 70% үстеме ақысымен қайтарып ала алатындарын айтып жарнамалап хабарламаларды таратып, оларға барлығы заңды екенін, қорқатын ешнәрсе жоғын айтып үгіттеп, салымшылармен ақша салынған кезде салымшылар арасында келісім шарттарын жасап почта арқылы жіберіп отырып, есеп шоттарына түскен салымшылардың ақша қаражаттарын олардың банкоматтық карталары арқылы жобаның ережесіне сәйкес үстеме пайызымен салып отырған.

Мәселен, Қызылорда қаласының №2 сотында ҚК-нің 231-бабы 2-бөлігі 2) тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін айыппұл сотқа берілген Т.-ға қатысты қылмыстық іс қаралған. Осыған дейін алаяқтық әрекеті үшін сотты болған азамат жалған ақшаны сауда орындарында өткізумен айналысқан. Қауын базарында, әр түрлі азық-түлік дүкендерінде бірнеше мәрте 5000 және 10000 теңгелік жалған банкноттармен сауда жасаған және әрекеттерінің бәрін кешкі, түнгі уақытта жүргізген.

Сонымен, А.-ның тобына Қазақстан Республикасының полиция басқармасына шағымданған соң, Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті қызметкерлерімен анықталып, сотқа дейінгі тергеу басталған.

Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу әрекеті үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 231-бабында жауаптылық көзделген.

Сот үкімімен азамат Т. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 231-бабы 2-бөлігі 2) тармағымен (жалған ақшаны сақтау және бірнеше рет өткізу) кінәлі деп танылып, 5 жылға бас бостандығынан айыруға жазаланған. Сотталған ҚК-нің 46-бабы 5-бөлігі 1) тармағының талабымен бас бостандығынан айыру жазасы қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуге белгіленіп, жәбірленушілердің азаматтық талап арыздары қанағаттандырылған.

Жәбірленуші-сатушылардың жалған ақша өткізген азаматты тану хаттамалары, сот-техникалық сараптама нәтижесінде алынған ақшалардың ҚР Ұлттық банк үлгілерімен сәйкес келмеуі – қылмыстық істің дәлелдемелері болып танылған.

Өкінішке орай, экономикалық қылмыстардан мемлекеттің зардап шегіп отыр десек қателеспейміз. Өйткені қоғам өмірінің барлық саласына кейбір қылмыс түрлері кеңінен тарап үлгерген.

Сот үкімімен азамат Т. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 231-бабы 2-бөлігі 2) тармағымен (жалған ақшаны сақтау және бірнеше рет өткізу) кінәлі деп танылып, 5 жылға бас бостандығынан айыруға жазаланған. Сотталған ҚК-нің 46-бабы 5-бөлігі 1) тармағының талабымен бас бостандығынан айыру жазасы қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуге белгіленіп, жәбірленушілердің азаматтық талап арыздары қанағаттандырылған.

Ал, бұл қылмыстардың алдын алуға жалпы әлеуметтік шаралардың маңызы зор.

Т.ТЕМІРБАЕВ,
Қызылорда қаласының №2
сотының судьясы

Беттері дайындаған Ж.Қасым

АРДАГЕР СУДЬЯ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Сот жүйесінің ардагері, доғарыстағы судья, Қызылорда облыстық билер кеңесінің төрағасы Нұрсейітов Зейнулла Әлімжанұлы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құқықтану мамандығының І курсы студенттерімен кездесу өткізді.

Кездесудің ерекшелігі – аудиторияда тек қана кейіпкер мен студенттер еркін форматта әңгіме өрбiтi. Құқықтану кафедрасының ұйымдастырумен өткен өзгеше кездесуде Зейнулла Әлімжанұлы кызметтік өмір жолын қысқаша баян етіп, сот жүйесінің басқа органдардан ерекшелігін, қазіргі уақытта сотта жасалынып жатқан оң өзгерістерді тiзбектеп берді.

БИЛЕР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Байқоңыр қалалық сотының ұжымы бірлік пен татулықты сақтауына үлес қосып отқан билер кеңесінің мүшелерін халықаралық қарттар күнімен құттықтады.

отбасы құндылықтарының сақтау жолында билер кеңесінің қызметі аса маңызды екендігіне тоқталып, оларға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі.

Кездесудің ерекшелігі – аудиторияда тек қана кейіпкер мен студенттер еркін форматта әңгіме өрбiтi. Құқықтану кафедрасының ұйымдастырумен өткен өзгеше кездесуде Зейнулла Әлімжанұлы кызметтік өмір жолын қысқаша баян етіп, сот жүйесінің басқа органдардан ерекшелігін, қазіргі уақытта сотта жасалынып жатқан оң өзгерістерді тiзбектеп берді.

Шара барысында сот саласында қызмет етуді мақсат тұтқан болашақ заңгерлер сала майталманына өздерінің ойында жүрген сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Сонымен қатар, билер кеңесінің мүшелеріне сот төрағасының Алғыс хаттары табысталды.

Шара барысында сөз алған қалалық соттың судьялары Е.Шевцова және А.Изтелеуова, азаматтардың арыз-жағдайына даулау денгейін азайту және

МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

2020 жылы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі толық күшіне енді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру арқылы елдің әрбір азаматын күтпеген жерде орын алған қаржылық шығыстан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Десек те, тұрғындар аталған әлеуметтік жүйенің қызметін пайдалануға асығар емес.

Бүгінде оңір халқының 83,7 пайызы сақтандырылған. Бірақ бұл көрсеткішті 85 пайызға дейін жеткізу міндеті қойылған болатын. Жоспардың орындалмауына не себеп? Тұрғындар арасында түсіндерме жұмыстары қалай жүріп жатыр? Бұдан да басқа сауалдарды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовке қойған едік.



көрсетуден бас тартыла немесе тиісті түрде көрсетілмесе, онда 1406 нөмірі, «Qoldau-24/7» мобильді қосымшасы немесе «SaqtandyruBot» Telegram-бот бойынша жүгіну қажет.

Анықтама: Жыл басынан бері азаматтардан 7 908 өтініш келіп түсіп, тиісінше жауап берілді (7587 консультация, 303 шағым, 18 алғыс). Негізгі сұрақтар МӘМС мәртебесін алу, дәрілік заттардың болмауы, консультациялық-диагностикалық көмек (мамандардың қабылдауы, КТ, МРТ, ПЭТ секілді қымбат тексеру, лаборатория, белгіленген контингенттерге белгілі шеңбердегі стомкөмек және т.т.), жоспарлы және сақтандырылған азаматтарға шұғыл стационарлық көмек, медициналық оңалту, жоғары технологиялық маманданған көмектің барлық түрі, ЭКУ-ды қоса алғанда.

«Qoldau 24/7» қосымшасы туралы айта өткеніңіз. Оның медициналық қызмет алысы келетін адамдарға қандай жәрдем бар?

2020 жылдың наурызында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тұрғындармен кері байланыс арнасын – «Qoldau-24/7» мобильді қосымшасын іске қосты (қосымшаны PlayMarket және AppStore - дан жүктеуге болады). Осы бірегей платформадан 24/7 жұмыс режимінде 1406 байланыс орталығы медициналық сақтандыру және пациенттердің құқықтарына қатысты өтініштерін қабылдайды. «Qoldau-24/7» мобильді қосымшасын қолдана отырып, сіз:

1. медициналық көмек туралы кенес ала аласыз, дәрігерлерге немесе медициналық ұйымдарға алғыс және шұғыл білдіре аласыз, МӘМС және ТМККК шеңберінде жұмыс істеуге қатысты ұсыныстармен бөлісе аласыз. 2. Азаматтар жеңілдікті санаттарын уақытша (бір айға) сақтандыру мәртебесін ала алады. Мысалы, жұмыс істемейтін жүкті әйелдің есепке қою кезінде МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесі жоқ боп шықты делік. Ол мобильді қосымшада «Женілдік санатына уақытша мәртебе беру» батырмасына өтіп, мәртебесін, аймағын, ЖСН-ді көрсетіп, жеңілдік санатын растайтын құжатын тіркеу керек. Содан кейін біздің сарапшылар жүктілікті растайтын анықтамаларды негізінде бір айға уақытша мәртебе беріледі. Осыдан кейін жүкті әйел тіркелген емханасында жоспарлы және белгіленген алгоритмге сәйкес медесепке алынады және одан әрі оның мәртебесі өзгермейді, ол сақтандырылған. 3. Сондай-ақ, «Qoldau-24/7» мобильді қосымшасында сіз өзіңіздің сақтандыру мәртебеніңізді тексерсе аласыз, медициналық сақтандырудағы төлемдеріңіздің мөлшерін біле аласыз, медициналық қызметтердің сапасын бағалай аласыз, коронавирус, COVID-19-ға қарсы вакцинация туралы және ТМККК, МӘМС пакеттері туралы өзекті сұрақтарға жауап таба аласыз. Егер пациентке медициналық көмек

сақтандыру мәртебесінде болу үшін БЖТ-ді тұрақта ай сайын төлеп отыру керек. БЖТ төлеушілер ЖСН арқылы төлем жүргізілетін күнтізбелік жылдың айын көрсете отырып дербес немесе үшінші тұлға олардың пайдасына төлей алады. БЖТ-ны күнтізбелік жылдың ағымдағы және келесі айлары үшін төлеуі мүмкін, бірақ өткен кезең үшін төлеуі болмайды. Журналырды әр түрлі жолдармен төлеуге болады - екінші деңгейлі банктер және олардың мобильді қосымшалары, «Халық банкі» терминалдары, KASSA 24, QIWI, медициналық мекемелердегі жедел төлем терминалдары, «Қазпошта» АҚ филиалдары, Kaspi, Kz мобильдік қосымшасы арқылы.

Неге әлі күнге дейін медициналық сақтандыруға жауапсыз қалайтын жандар бар? Бұл сенімсіздік пе, әлде немісқайлық па?

Бұл сауалды, менің ойымша, бірінші кезекте сақтандырылмаған азаматтар тұрғылықты тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қою керек, екінші кезекте – қарамағындағы жалдамалы жұмысшылар үшін айма-ай аударымдарын уақытты қамтамасыз етпеген жұмыс берушілерге, және келесі кезекте халықтың әлеуметтік мәселелеріне жауапты собес, денсаулық сақтау басқармаларына қойған ләзім.

Бұл орайдағы біздің жеке пікіріміз: Бірінші кезекте - арысы 70, берісі соңғы 30 жыл көлеміндегі өкімет елтірмейді, не проблема болса да, оның ішінде аурудың айналасындағы проблемалардың 10-ақ пайызына ықпал етуге қауқарлы медицина мәселелері де бар, бәрі-бәрі мемлекеттің мойнында деген ментальдық қасаң көзқарас әлі де баршылық екенін айтымыз келеді. Әйтпесе түптің түбінде ең алдымен денсаулықтың кімге керектігі екеніне жауап беруді қажет етпейтін дүние емес пе?! Екінші – азаматтардың емес ауырып, балтыры сыздағанға дейін мемлекеттің бекітіп берген арнайы Заңында қарастырылған міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінен тыс қалмауы үшін заңдастырудың бір түрі. Бірінші жағы жаңа төлем үлесі мыналарды құрайды: 10% - жеке табыс салығы; 30% - БЖЗҚ-ға зейнетақы төлемдері; 40% - міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар; 20% - мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар. Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда тұратын жеке тұлғалар үшін БЖТ-дің мөлшері 3 063 теңгеден құрайды. Басқа елді мекендерде тұратындарға - 1 531,5 теңге. БЖТ төлемінің артықшылығы егер де сақтандырылмаған (ешқандай төлемін жасамаған) азамат 3 ай қатарынан БЖТ төлесе, 3 айында ғана автоматты түрде соңғы 12 айдағы төлеміне қарамастан сақтандыру мәртебесіне ие болады, алайда одан кейінгі айларда

«МӘМС жарналарды төлемегені үшін айыппұл салына ма?»

«МӘМС туралы» Заңның 31-бабына сәйкес, төлеушінің (жұмыс берушілер, жалдамалы жұмыскерлер, кәсіпкерлер, яғни жұмыс істейтін адамдар) аударымдары мен жарналарын уақытты аудармағаны үшін жауаптылығы қарастырылған. Яғни аударымдар мен жарналардың уақытты аударылмаған сомаларын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады. Сонымен қатар, төлеуші оларды ҚР Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,25 еселенген ресми мөлшеремесі мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін есепке жазылған өсімпұлмен бірге қордың шотына аударуға тиіс екені туралы көрсетіледі.

«Сақтандыру жүйесінде өз мәртебесін қалай анықтайды? Қор туралы ақпаратты қайдан алады?»

«SaqtandyruBot» телеграмм бот арқылы да нақтылауға болады. Egov.kz сайтына кіріп ЖСН нөмірін терізіңіз немесе аймақтық ХҚКО-ға, медициналық ұйымға барып, медициналық ақпараттық жүйедегі мәртебеніңізді тексеру қажет. Егер жеңілдік жасалған он бес санаттың біріне кіресіз, сіз автоматты түрде МӘМС қатысушысы боласыз. Ал қор халықпен кері байланыс жүйесін бір ізге қойған. Облыс тұрғындарын МӘМС жүйесі жайлы ақпараттандыру жұмыстары да тұрақты жүргізіледі. Былтырдан бері «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы әзірленген-ді. Бұл қосымшаның маңыздылығы - МӘМС жүйесіне байланысты толық ақпарат алуға және де медицина мекемесінің қызметіне шағым қалдыруға болады. Мобилдік қосымшаны қолдану үшін, Google Play Market (APP Store) арқылы «Qoldau 24/7» қосымшасын жүктеп, жүйеде тіркелу қажет. Қосымшаның ақпараттық материалдары мен видеороликтері де жасақталған. Сондай-ақ, сіз 1406 нөмірі бойынша бірыңғай байланыс орталығына хабарласа аласыз, онда операторлар сіздің сақтандыру мәртебеніңіз туралы толық ақпарат береді.

«Медициналық сақтандыру жүйесінде уақытша мәртебені қалай алуға болады?»

«Я, азаматтардың жеңілдікті санаттағылар белгілі бір себеппен сақтандырылған санат түсіп қалған жағдайда «Qoldau-24/7» мобильді қосымшасы мен Қордың AIKEY CRM ақпараттық жүйесі арқылы «Saqtandyru» ақпараттық жүйесінде уақытша (бір айға) сақтандыру мәртебесін ала ады. Мысалы, жұмыс істемейтін жүкті әйелді емханадағы жүкті әйелдерді тіркейтін ақпараттық жүйесінде жұмыссыз жүкті әйел деп есепке алынып, 1 айдан кейін ғана тұрақты сақтандырылған мәртебеге ие болады. Алайда, ол уақытқа дейін МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесі жоқ болған жағдайда, «Qoldau-24/7» мобильді қосымшасы «Женілдік санатына уақытша мәртебе беру» батырмасына өтіп, мәртебесін, аймағын, ЖСН-ді көрсетіп, жеңілдік санатын растайтын құжаттың тіркеу AIKEY CRM ақпараттық жүйесіне жолдайды. Содан кейін біздің сарапшылар жүктілікті растайтын анықтамалардың негізінде «Saqtandyru» ақпараттық жүйесінде бір айға уақытша мәртебе беріледі. 1 ай өткеннен кейін емханадағы жүкті әйелдерді тіркейтін ақпараттық жүйе мен «Saqtandyru» ақпараттық жүйесінде интеграция болып тұрақты сақтандыру мәртебесіне ие болады.

«Pакмет!»

Ж.ҚАСЫМ

СТУДЕНТТЕР МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛА АЛАДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалына мемлекет МӘМС жарналарын төлейтін жеңілдікті санаттардың бірінің өкілдері ретінде студенттер үшін сақтандырылған мәртебесін алу мәселелерімен жиі жүгінеді. Бұл мүмкіндік шетелде оқытын қазақстандықтар үшін қалай қарастырылғанын, сондай-ақ студенттердің неге кейде сақтандырылмайтынын түсіндіре кетсек.

Женілдік бойынша сақтандыру кімге беріледі?

МӘМС туралы заңға сәйкес (26-баптың 1-тармағының 13-тармақшасы), жасына қарамастан, күндізгі оқу нысаны бойынша оқитындардың барлығы (мейлі ол 18 жасқа толған мектеп оқушылары болсын, колледж,

ЖОО немесе басқа да оқу орындарының студенттері болсын) азаматтардың жеңілдікті санатына кіреді, олар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді.

Студенттер мемлекет есебінен сақтандырылған болып табылады және МӘМС пакетінде көрсетілген медициналық қызметтерге қол жеткізе алады.

Қазақстанда оқытын студенттер үшін сақтандырылған мәртебесін алу алгоритмі: Сақтандырылғандар мәртебесі Қазақстан аумағында оқытын азаматтарға жеңілдік ретінде беріледі және олардың деректері оқу орнының ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Ол, өз кезегінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы Ұлттық білім беру деректер базасымен (ҰБДК) біріктіріледі. Деректерді енгізуге студенттер оқытын оқу орындарының әкімшілігі немесе деканаттарының қызметкерлері жауапты болады. ЖСН, Т.А.Ә., оқу кезі және оқыту нысанын дұрыс толтыру міндетті шарт болып табылады. Егер бұл жақтар дұрыс толтырылмаған жағдайда, онда сақтандырудың жеңілдетілген мәртебесі автоматты түрде берілмейді.

Егер отандық ЖОО студенті сақтандырылмаған болса не істеу керек?

Мәртебе ҰБДК-да студент туралы тиісті ақпараттың болуына байланысты берілетіндіктен, сіз өзіңіздің оқу орнындағы жауапты қызметкерге хабарласып, ақпараттық жүйеде деректерді тексеруді сұрауыңыз қажет. Кейде ақпараттың жаңартылмағаны анықталады.

Оқу орындарына арналған жадынама: Оқу орнының ақпараттық жүйесіне білім алушылар туралы мәліметтерді (оның ішінде оқу жылы ішінде келгендер бойынша) уақытты және дұрыс енгізу қажет, өйткені студенттерге ҰБДК-да біріктірілген деректердің болуы арқылы жеңілдік мәртебесі беріледі.

Егер бір жылдың ішінде білім алушы оқудан шығарылса немесе басқа оқу орнына ауыстырылса, онда ол туралы мәліметтерді өзінің оқу орнының ақпараттық жүйесінен алып тастау қажет.

Егер оқу орнының ақпараттық жүйесінде оқуды бұрын аяқтаған білім алушылар туралы деректер болса, оларды аталған жүйеден шығару қажет, өйткені бұл адамдар жұмысқа орналасу кезінде МӘМС жарналарын төлей алмайды.

Есіңізге болсын: Білім алушылардың МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу мүмкіндігі ақпараттық жүйеде олар

туралы мәліметтердің дұрыс және уақытты толтырылуына байланысты болады.

Шетелде оқытын қазақстандықтар үшін сақтандырылған мәртебесін алу алгоритмі:

Шетелдік оқу орындарында оқытын қазақстандық күндізгі оқу нысанының студенттері МӘМС жүйесінде сақтандырылған тұлғалардың автоматты түрде жеңілдік мәртебесін ала алмайды. Ол үшін олар жүйеге өздігінен тіркелуі керек.

Ол үшін электрондық үкімет порталындағы egov.kz сервисін пайдалану қажет:

1. Іздесу жолына келесіні енгізу: «Шетелде оқытын студенттерді тіркеу».
2. Ашылған терезедегі өтінішті толтыру және оқуды растайтын құжаттарды қоса беру қажет.
3. Өтінішке ЭЦҚ көмегімен қол қою.
4. Көптеген жағдайларда сақтандырудың жеңілдікті мәртебесі жолдарды дұрыс толтырған жағдайда 10 жұмыс күні ішінде беріледі.
5. Егер сақтандырудың жеңілдікті мәртебесін беру көрсетілген мерзім ішінде орындалмаса, онда ҚР Білім және ғылым министрлігінің Халықаралық департаментіне жүгіну қажет. Әр семестр аяқталғаннан кейін сақтандыру мәртебесін тексеру және оқудың өзектілігін растау қажет екенін есте ұстаған

жөн, өйткені дерекқордағы мәліметтер өзгеруі мүмкін.

Кері байланыс

Өкінішке орай, күндізгі нысанда оқытын студенттердің барлығы МӘМС туралы заң бойынша өздерінің жеңілдік берілгендер санатында екендігін және МӘМС-ке жарналар мен аударымдарды төлеулері қажет еместігін біл бермейді. Әсіресе шетелде білім алып жүрген студенттер. Сондықтан Қор мемлекет есебінен олардың МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебеге ие екендіктерін тағы да еске салады. Егер студент көрсетілген тәсілдермен жеңілдік мәртебесін ала алмаса немесе мәртебесін анықталып, оқу орнының қабырғасында шешім таба алмаса, онда ол өтінішті Қордың кенесі арқылы пошта арқылы жібере алады: kanc@fms.kz немесе Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы. Қор өзіне жүгінген тұлғаға сақтандырылған мәртебесін беру үшін ҚР Білім және ғылым министрлігімен, ҚР Сыртқы істер министрлігімен ынтымақтастықта қажетті жұмысты жүргізеді.

Бақыт ИСМАХАНБЕТОВ, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы директоры

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӨЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPU00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов
көшесі 46/36

Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4 А үйі
Телефон: 40-06-68,

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 6000 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №1705

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/